Бекітемін:
«Инабат С» ЖШС, «Ботақан» МДҰ
меңгерушісі: __________ Ә.А.Шойгозова
«____»______20____ж

Келісемін:
Байғанин ауданы
білім бөлімінің басшысы:
__________ М.К.Дабысов
«____»______20____ж

## «Инабат С» ЖШС, «Ботақан» мектепке дейінгі ұйымының 2022-2023 жж оқу жылына арналған базалық оқу жоспары

**Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы**

**Аудандық сарапшылар тізімі:**

Аудандық әдістемелік кабинеттің

сектор меңгерушісі:________ Б.Оңғаров

Әдістемелік кабинеттің әдіскері: ________ К.М.Шонаева

## ЖШС «Инабат – С» «Ботақан» мектепке дейінгі ұйымы туралы мәлімет

ЖШС «Инабат – С» «Ботақан» мектепке дейінгі ұйымының ғимараты 2014 жылы салынған. Ғимарат аумағында балаларға арналған ойын алаңдарымен, ағаштар, гүлзарлармен абаттандырылған.

Балабақша 2018 жылдан бастап жұмыс жасауда. Балабақшада топ бөлмелері балалардың жас ерекшеліктеріне сай, меңгеруші және әдіскер, мед.кабинеттері жұмыс істеуге қолайлы жабдықталған. Жылыту жүйесі автономды. Барлық топтарда және ас блогында ыссы сумен толық қамтылған.

Қазіргі таңда «Ботақан» мектепке дейінгі ұйымының құрылымы бойынша сыйымдылығы 50 балаға арналған. Жас ерекшеліктері әр түрлі 2 топ жұмыс жасайды.

Топтардың оқу – тәрбие жұмысы қазақ тілінде жүреді. «Ботақан» мектепке дейінгі ұйымында жалпы қызметкерлер саны – 18. Оның ішінде – 7 педагог қызметкерлер.

Ғимаратта бейнебақылау орнатылған. Интернет, Wi-fi қосылған.

МДҰ бала қабылдау электронды түрде (eaktobe.kz) жүргізіледі.

Оқу жылының жоспары және апталық оқу жүйесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті білім беру стандартын (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы») Қазақстан республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы. Ұйымдастырылған іс әрекет оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны іске асыру үшін педагогтің күні бойы балалар әрекетінің түрлері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылған кіріктірілген сабағы. Дамытушы заттық – кеңістік орта тәрбиелеу білім беру процесін ұйымбастыру үшін негіз болып табылады. Тәрбиелеу білім процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. Тәрбиешілердің эмоциялық жайлылығын жан – жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады. Тәрбиешілердің жеке тұлғасын жан – жақты дамыту бағыттар бойынша:

- Физикалық дамыту;
- Коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс – әрекетін дамыту;

  Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын зерттеу іс – әрекетін дамыту, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

1. Дене шынықтыру;
2. Сөйлеуді дамыту;

3. Көркем әдебиет;
4. Қазақ тілі;
5. Сенсорика;
6. Математика негіздері;
7. Құрастыру;
8. Қоршаған ортамен танысу;
9. Сурет салу;
10. Мүсіндеу;
11. Жапсыру;
12. Музыка.

ЖШС «Инабат – С» «Ботақан» мектепке дейінгі ұйымының бығыттары:
МДҰ балалардың шығармашылық дағдыларын, еске сақтау қабілеттерін, көру зейінін конструктивті және кескінді бейне арқылы ойлау қабілеттерін дамыту мақсатының басым бағытына жоспарланады.

Күтілетін нәтиже:
Балабақша тәрбиеленушілердің креативтілігін, сыни ойлауын, коммуникативтілігін және топта жұмыс жасай алу дағдыларын дамытып баланың жан – жақты жетілген тұлға етіп тәрбиелеу.
ЖШС «Инабат – С» «Ботақан» мектепке дейінгі ұйымының 2022-2023 ж оқу жылында төменде көрсетілген. Оқу жылының жоспары және апталық оқу жүйесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті білім беру стандарттарын негізге ала отырып жұмыстану жоспарланды. Топ тәрбиешілері балаларды тәрбиелей отырып ойлау қабілеттерін дамыта логикалық ойындар, дидактикалық ойындарды пайдалана отырып жұмыстанады. Тәрбиелеушілерімізді стандартқа сай жаңа үлгімен тәрбиелей отырып жұмыстанамыз деп айта аламыз.

## Түсінік хат

ЖШС «Инабат – С» «Ботақан» мектепке дейінгі ұйымы жұмыс оқу жоспарын әзірлеуде төмендегі нормативтік–құқықтық құжаттарды басшылыққп алады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657

Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_

Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің,
оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708

2022 жылдың «6» тамыздағы «ЖШС «Инабат – С» «Ботақан» МДҰ педагогикалық кеңесінің №1 хаттамасы, 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарын әдістемелік кеңестің қарауы туралы».

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі бөбек жасындағы (1-2 жас) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жас) балалар үшінмектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады.

Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшелектеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу – білім беру прцесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан – жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін орта құрылады.

Ескерту:

2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрықпен «Мекптепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» заңның 25 тармағымен келісе отырып, яғни Мектепке дейінгі ұйымда жас топтары күнтізбелік жылдағы толық жасқа толған:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
кіші топ – 2 жастағы балалар;
ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
ересек топ – 4 жастағы балалар;
мектепалды топ, мектептің (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балаларды ұйымдастыру болған.

Бірақ мектепке дейінгі ұйымдардың топтары 05.05.2020 жылғы №182 бұйрық «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» заңның 22 тармағына сәйкес 2022 жылдың 1 тамызына дейін жинақталғандықтан жас кезеңділігі және жас топтары (оқу жылының басындағы толық жастағы балалардың жасы):

1) бөбекжай жасы – 0-3 жас;
нәресте жасы–туғаннан бастап;
ерте жас – 1 жастан бастап ( ерте жас тобы)
кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ)
1) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас;
орта жас – 3 жастан бастап (орта топ);
ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды топ, мектепалды сынып) болып топтастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымда жас топтары 01.09.2022 оқу жылына толық жинақталды.

Жоғарыда айтылған бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған жас топтарына қарай балаларды тәрбиелеу мен білім беру қызметі:

1.Бұрынғы кіші топта (2019 жылғы қыркүйек–желтоқсан және 2020 жылғы қаңтар–тамызда туылған балаларды жинақтау) Қазақстан Республикасының оқу – ағарту министрінің «Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы 2022 жылға «___»___________№___ бұйрықтың
1 – қосымшасына және Қазақстан Республикасының оқу–ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туарлы» 2022 жылға «___»___________№___ бұйрықтың 2 – қосымшасына сәйкес, әр түрлі жастағы (2-3) топ жинақталды.

2.Бұрынғы ортаңғы топ (2018 жылғы жылғы қыркүйек–желтоқсан және 2019 жылғы қаңтар–тамызда туылған балаларды жинақтау) Қазақстан Республикасының оқу–ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туарлы» 2022 жылға «___»___________№___ бұйрықтың 2 – қосымшасына сәйкес, әр түрлі жастағы (3-4) топ жинақталды.

3.Бұрынғы ересек топ (2017 жылғы жылғы қыркүйек–желтоқсан және 2018 жылғы қаңтар–тамызда туылған балаларды жинақтау) Қазақстан Республикасының оқу–ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туарлы» 2022 жылға «___»___________№___ бұйрықтың 2 – қосымшасына сәйкес, әр түрлі жастағы (4-5) топ жинақталды.

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «___» ________
№ ___ бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

## Бөбек жасы балаларына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

| № р/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары | |
|---|---|---|---|
| | | ерте жас тобы (1 жастан бастап) | кіші топ (2 жастан бастап) |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | күн сайын |
| 3 | Сенсорика | күн сайын | күн сайын |
| 4 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын | күн сайын |
| | Сурет салу | күн сайын | күн сайын |
| | Мүсіндеу | күн сайын | күн сайын |
| | Жапсыру | - | күн сайын |
| | Құрастыру | - | күн сайын |
| 6 | Музыка | аптасына бір рет | аптасына бір рет |
| | Музыка *** | күн сайын | күн сайын |

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Қазақстан Республикасының

оқу-ағарту министрінің

2022 жылғы «___» ________

№ ___ бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 557 бұйрығына

2-қосымша

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары | | |
|---|---|---|---|---|
| | | орта жас тобы (3 жастан бастап ) | ересек жас тобы (4жастан бастап) | мектепалды даярлық тобы/сыныбы (5 жастан бастап) |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет | аптасына үш рет | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | күн сайын | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | күн сайын | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет | аптасына бір рет | аптасына екі рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | күн сайын | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - | - | аптасына екі рет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Математика негіздері | күн сайын | күн сайын | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын | күн сайын | күн сайын |
| 6 | Сурет салу<br>Мүсіндеу<br>Жапсыру<br>Құрастыру | күн сайын | күн сайын | күн сайын |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет | аптасына екі рет | аптасына екі рет |
| | Музыка **** | күн сайын | күн сайын | күн сайын |

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Қазақстан Республикасының

оқу-ағарту министрінің

2022 жылғы «___» ________

№ ___ бұйрығына

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 557 бұйрығына

3-қосымша

**Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті | Аптасына өткізілу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 часа |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 часа |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Көркем әдебиет | | 2 часа |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 часа |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет | күн сайын | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Математика негіздері | | 3 часа |
| | Танымдық, зерттеу әрекеттері | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | | 2 часа |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 час |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық әрекет, бейнелеу | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 часа |
| | Музыка **** | күн сайын | |
| 8 | | - | 20 |

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.